

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№35 (148) ЖҰМА

3 қазан 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ДАРИЯ – КӨҢІЛ, ТАУ – МҮСІН



Қазанның алғашқы күні халқымыз қарияларына Қарттар күніне орай құрмет танытты.

Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаев қаланың қарт тұрғындары Арын Қожамқұлов, Далхаш Садықова мен Рәш Исакованы үйлеріне барып құттықтады. Ол үлкен кісілермен аз – кем әңгіме құрып, ізгі



тілектерін білдірді, сый – сияпат жасады.

Ақсақал да, кейуаналар да қала басшысына рахметін айтып, жұмысына сәттілік тіледі.

Дария – көңіл, тау – мүсін үлкендеріміз әрқшанан аман болсын!

№ 6 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркеу бойынша округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 26 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына шығып қалған депутатының орнына № 6 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Убайдилдинов Алтай Сейдазымович кандидат болып тіркелді, 1979 жылы туған, қызметі: өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, жұмыс орны: «Сәтбаев жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС, тұрғылықты жері: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, «Amanat» партиясының мүшесі, ұлты – қазақ.

СООБЩЕНИЕ окружной избирательной комиссии

о регистрации кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего по одномандатному территориальному избирательному округу № 6

В соответствии со статьей 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» 26 сентября 2025 года по одномандатному территориальному избирательному округу № 6 зарегистрирован кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего Убайдилдинов Алтай Сейдазымович, 1979 года рождения, должность: начальник производственно-технического отдела, место работы: ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения», проживает в г. Сатпаев области Ұлытау, член партии «Amanat», национальность -казах.

№ 6 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркеу бойынша округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 29 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына шығып қалған депутатының орнына № 6 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Дастанов Батыржан Абдоллаұлы кандидат болып тіркелді, 1999 жылы туған, қызметі: ауыстырып қосқыш постының кезекшісі, жұмыс орны: Transco IRT, тұрғылықты жері: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ұлты – қазақ.

СООБЩЕНИЕ окружной избирательной комиссии о регистрации кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего по одномандатному территориальному избирательному округу № 6

В соответствии со статьей 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» 29 сентября 2025 года по одномандатному территориальному избирательному округу № 6 зарегистрирован кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего Дастанов Батыржан Абдоллаұлы, 1999 года рождения, должность: дежурный стрелочного поста, место работы: Transco IRT, проживает в г. Сатпаев области Ұлытау, национальность -казах.

№ 12 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркеу бойынша округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 30 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына шығып қалған депутатының орнына № 12 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Сейтмаганбетов Талант Бейсетович кандидат болып тіркелді, 1990 жылы туған, қызметі: телім басшысы, жұмыс орны: Батыс-Жезқазған кеніші, тұрғылықты жері: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ұлты – қазақ.

СООБЩЕНИЕ

окружной избирательной комиссии о регистрации кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего по одномандатному территориальному избирательному округу № 12

В соответствии со статьей 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» 30 сентября 2025 года по одномандатному территориальному избирательному округу №12 зарегистрирован кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего Сейтмаганбетов Талант Бейсетович, 1990 года рождения, должность: руководитель участка, место работы: Западно-Жезказганский рудник, проживает в г. Сатпаев области Ұлытау, национальность -казах.

ЕҢБЕК ЕРІ – «ҚҰРМЕТТІ КЕНШІ»

Қазақстанның Еңбек Ері, кенші Тұрсынбек Мақышев Еңбек күні мереесінде тағы бір құрметті атаққа ие болды.



«Jastar Bolashaq» жастар одағының ұйымдастыруымен өткен салтанатта оған «Құрметті кенші» медалі табыс етілді. Марапатты Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаев тапсырды.

«Тұрсынбек ағамыз еңбегімен елге танылды. Оның табысты еңбегі ескеріліп, ел Президентінің Жарлығымен Қазақстанның Еңбек

Ері атанғы берілді. Кеудесінде Алтын жұлдыз жарқыраған ағамыз «Құрметті кенші» атағына әбден лайықты. Қаламыздың, халқымыздың мақтанышы Тұрсынбек ағамыздан жастар үлгі – өнеге ала берсін – деді құттықтау лебізінде Мұрат Ерболатұлы.

А.НҰРТАУҰЛЫ.

ӘРІПТЕСІМІЗ – ЖҮЛДЕГЕР!

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры ұйымдастырған, Жұмысшы мамандықтар жылына арналған республикалық байқауда «Ulytau» телеарнасы «Кәсіп түбі-нәсіп» хабарының сюжеті «Үздік теле-сюжет» номинациясы бойынша 3-орын иеленді.



Аталған хабардың авторы Ұлытау облыстық телеарнасының бас режиссері, журналист Нұрталап Шарападин көрерменге сүбелі дүниелерімен танымал. Ол бұған дейін де бірнеше мәрте шығармашылық байқауларда олжа салған болатын.

Таң атпай шахтаға түсіп, кеншілердің еңбегін насихаттаған, еңбек адамының қоғамдағы орнын айшықтаған еңбек еленіп Нұрталап енді міне, Астана төрінде де марапат биігінен көрінді.

Біз әріптесімізді жаңа шығармашылық жетістігімен құттықтаймыз!

«Аймақ ақшамы».

ЕҢБЕК ЕТКЕНГЕ МАРАПАТ КӨП

Кеншілер қаласында Еңбек күні зор салтанатпен аталып өтілді. Адал еңбегімен қоғамның дамуына үлес қосқан қарапайым жұмысшылар құрметке бөленді. Оларды қала әкімі Мұрат Бөрібаев құттықтады.

Қала әкімінің Алғыс хаты және 200 мың теңге ақшалай сыйлығы «Қазақмыс» корпорациясының Технологиялық колледжі мен Сәтбаев индустриалдық колледжі табысталды. Сонымен бірге,

«Самға-Тазалық» ЖШС қызметкері Айтбаева Әсемгүл Хаметқызы, «Қазақмыс Мэйнтенанс Сервисиз» дәнекерлеушісі Аяған Еламан Аяғанұлы, Сәтбаев қаласы ауруханасының кіші медқызметкері Әбдіғалиева Аманкүл, «Татиев» ЖШС сантехнигі Байкенжин Сағдат, «Каусар-7» ЖШС қызметкері Бер Татьяна, «Сәтбаев жылу, су-

мен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС дәнекерлеушісі Ибраев Даулет, №2 жылу станциясының көмір тиегіші Қалағанов Мырзат, қала әкімі аппаратының жүргізушісі Кенжеахметов Нұрболат, «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС күзетшісі Омаров Мұратбек, Б.Момышұлы атындағы мектептің іс жүргізушісі Динара Серікқызы және басқа да еңбек адамдарының еңбектері де лайықты бағаланды.

Іс-шара көркемөнерпаздардың ән-биімен жарасым тауып тұрды.

(Өз тілшімізден).

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Елімізде 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазаны аралығында ұлттық ауылшаруашылық санағы жүріп жатыр. Бұл ауқымды науқан екі кезеңде өтуде. Алғашқысы 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қыркүйегі аралығында онлайн форматта, екінші кезеңі 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазан аралығында офлайн форматта жалғасын табуда. Бұл науқан еліміздің аграрлық секторының болашағына сөзсіз әсер етеді.

Ұлытау облысында ұлттық ауылшаруашылық санағы белсенді жүріп жатыр. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер - шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер және қосалқы шаруашылықпен айналысатындар sanaq.gov.kz сайты арқылы онлайн сауалнамалардан өтті. Облысымызда арнайы жасақталған өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштарының көмегімен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын 3838 шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың 3722-сі (97%) онлайн санақтан өтті.

Бүгінгі таңда, екінші кезең арнайы дайындықтан өткен санақ қызметкерлерінің (интервьюерлер) көмегімен офлайн форматта

жалғасын табуда. Жеке шаруашылығын жүргізуге арналған жер учаскелері (бақша, көкөніс учаскелері) және ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтарымен (іріктелген) жеке әңгімелесу әдісімен және планшеттерді қолданумен жүргізілуде.

Маңыздысы-тұрғындар берген ақпараттар құпия сақталады, таратылмайды. Сауалнамаға шынайы әрі дәйекті жауап беру – әр тұрғының азаматтық борышы.

Интервьюерлерді арнайы көгілдір түсті формасынан және бейджигі бар қызметтік куәлігінен оңай тануға болады. Бейджінде орналасқан QR код арқылы қызметкердің жеке басын бірден тексеруге мүмкіндік бар.



stat.gov.kz

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ СЕРПІН

БОЛАШАҚТЫҢ БАЙСАЛДЫ БАҒДАРЫ

Жыл сайын Қазақстан халқы Президент Жолдауын күтеді, онда жүктелетін міндеттерді саралайды, уақытында жүзеге асуына сенім артады. Биылғы Жолдаудың ерекшелігі – әлемдік бәсекеге қабілетті болу үшін алдымен цифрлық технологияға, жасанды интеллекттің дамуына баса назар аударылуы.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қазақстан 3 жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек деп атап айтты әрі бұл еліміздің алдына қойылған маңызды стратегиялық мақсат екендігіне тоқталды. Жолдауда жасанды интеллект сөз тіркесінің 32 рет қолданылуының өзінен-ақ, өзекті мәселелерді түбегейлі шешудегі цифрлық өзгерістердің орны айрықша екендігіне маңыз берілген.

«Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерек-қорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс. Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажет», – деді Мемлекет басшысы. Цифрландыру және жасанды интеллект енгізу арқылы мемлекеттік қызметтер тез әрі қолжетімді болмақ, жастарға жаңа мамандықтар ашылады, ашықтық артып, жемқорлық азаяды. Президент атап көрсеткендей, цифрландыру адамға қызмет етуі керек.

Қазақстан цифрландыру бойынша, яғни электрондық Үкіметті дамыту деңгейі бойынша қазірдің өзінде әлемде 193 елдің ішінде 24-орында тұр. Қазақстан онлайн-қызметтер индексі бойынша топ – 10 елдің қатарында.

Ал Үкіметтің жасанды интеллектке өзірлігінің дайындығы Британиялық «Оксфорд Инсайтс» компаниясының рейтингіне сәйкес, 188 елдің арасында 76-орында. Ресми мәліметтер бойынша, бүгінгі таңда халықтың 93%-тен астамы eGov порталы арқылы электрондық қызметтерге қол жеткізе алады, смартфондармен мемлекеттік қызметтердің 90,8%-і қолжетімді. Бір жыл ішінде қазақстандықтар QR-кодтар арқылы 23 миллионнан астам құжатқа қол қойыпты.

Адам өміріне ең қажеттісі – денсаулық десек, елімізде цифрлық медицинаға көшу жұмыстары жүйелі жүргізіп келеді. Телемедицина дамып, ұлттық деректер базалары құрылуда. Бүгінде ең көп сұранысқа ие медициналық анықтамалардың сегіз түрі (жүргізушілікке рұқсаттан бастап, еңбекке жарамсыздық парағына дейін) цифрландырылған. Нәтижесінде дәрігерлердің қағазбастылығы 40%-ға азайған. Пациенттердің мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуі жеңілдеген. Face ID арқылы пациенттерді цифрлық сәйкестендіру жобасы орынсыз тағайындауларды 6%-ға қысқартып, 4,7 млрд теңге қаржыны үнемдеген. Президенттің айтуынша, медицина саласын жаңғыртудың негізгі қозғаушысы цифрландыру мен жасанды интеллект болғанда ғана бұл саланың бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі кезде өзім қызмет атқаратын медиа саласында, оның ішінде телеарналарда жасанды интеллектіні енгізу арқылы жұмыс көп жеңілдейді, үлкен



серпіліс болады деп айтуға негіз бар. Чат-жипити-сценарий жазу, мәтіндерді тез әрі сапалы аударуға көмектессе, дизайн саласында жасанды интеллект арқылы бейнелерді «тірілтіп» қозғалтуға, кескіндемеде ұлттық стиль мен мәдени бірегейлікті сақтауға, уақытты үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.

Президент сондай-ақ, қоғамдағы тәртіп пен мәдениет мәселесіне де тоқталды. Мемлекеттік органдардың Заң мен Тәртіп бағытындағы жұмысына қолдау көрсету арқылы елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана – сезім қалыптасып, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болатындығын да атап көрсетті. Қазіргі қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мемлекеттің тұрақты дамуының негізі болып саналады. Бүгінде Қазақстанда Үкімет бұл жұмысты кешенді түрде жүргізуде: қылмыстың алдын алу шаралары

күшейтіліп, цифрлық технологиялар енгізілуде, заңнама жетілдіріліп, мемлекет пен қоғам арасындағы әріптестік нығайтылуда. Біздің «Ұлытау» телеарнасында «Әділет әлемі» бағдарламасы айына екі рет мемлекеттік және орыс тілінде эфирге шығады. Онда заң мен тәртіп қағидатына қатысты өңірімізде сот саласында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар баяндалса, 24/7 бағдарламасында жергілікті полиция, құқық қорғау органдарымен бірлесіп, арнайы рейдтер ұйымдастырылып, қоғамға қылмыстың алдын алу, алаяқтықтан сақтану жолдары түсіндіріледі.

Президенттің Жолдауы – бұл Қазақстанның болашағына бағдар. Соның ішінде цифрландыру, инвестиция, экология, су мәселесі, білім бар. Жолдауда халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға, мемлекетіміздің қауіпсіздігін нығайтуға, елдің ертеңіне деген сенімін орнықтыруға басымдық беріліп отыр. Жолдау жарияланғаннан бергі уақытта Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды, еліміздің болашақ келбетін айшықтайтын «Алатау сити» қаласына өзгеше мәртебе берілді. Жақында Мәжілісте «Жасанды интеллект туралы» заң қабылданды. Парламент осы сайланымда онлайн-платформалар, ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері жөнінде де заңдар қабылдады. Демек, жасанды интеллект үшін құқықтық негіз бар. Ол осылайша мемлекеттік саясаттың негізгі бағытына айналды.

Базарқұл ҮМБЕТОВА,
«ULYTAU» облыстық телерадиокомпаниясының креативті директоры,
Ұлытау облыстық мәслихатының депутаты.

ЕЛ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУДІ КӨЗДЕЙДІ

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағытын айқындайтын маңызды саяси құжаттардың бірі. Әр жылғы Жолдау қоғамның өзекті мәселелеріне жауап іздеп, алдағы кезеңдерге нақты мақсаттар мен міндеттер қоюға бағытталады. Бұл құжат елдің болашағына қатысты стратегиялық бастамалар мен реформалардың негізін қалайды.

Биылғы Жолдауда көтерілген мәселелер ел әлеуетін арттыру жолындағы жаңа бағыттар мен тәсілдерді ұсынады. Онда экономиканы әртараптандыру, технологиялық жаңару, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру секілді бірқатар маңызды салалар қамтылды. Бұл бастамалар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және мемлекет тұрақтылығын нығайтуға бағытталған.

Экономикалық бағыттағы өзгерістер – Жолдаудың басты тетіктерінің бірі. Өндірістік секторды дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту және шағын және орта бизнесті қолдау

арқылы тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету көзделіп отыр. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері де назардан тыс қалмады.

Әлеуметтік салада білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерінің сапасын арттыруға ерекше мән берілді. Мұғалімдер мен дәрігерлердің мәртебесін көтеру, ауылдық аймақтардағы инфрақұрылымды жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу – бұл салалардағы басты басымдықтар. Бұл шаралар елдің адами капиталын дамытуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, мемлекеттік



басқару жүйесін жаңғырту, бюрократиялық кедергілерді азайту және азаматтардың мемлекеттік шешімдерге қатысу мүмкіндігін арттыру

мәселелері де өзекті болып отыр. Бұл қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға және басқару процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге

ықпал етеді.

Жолдаудағы әрбір бастама ұзақ мерзімді нәтижелерге бағытталған. Ол тек ағымдағы мәселелерді шешумен шектелмей, болашақ дамудың негізін қалайды. Әрине, бұл бастамалардың сәтті жүзеге асуы – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғам мен әрбір азаматтың белсенді қатысуына да байланысты.

Жолдау ел әлеуетін көтеруге бағытталған жаңа қадамдар мен тәсілдерді ұсыну арқылы Қазақстанның тұрақты дамуына серпін береді. Ал бұл даму бағыттары уақыт талабына сай жаңарып отыратыны анық.

К. РАХМЕТОЛЛА,
Сәтбаев қалалық Жастар ресурстық орталығының бөлім маманы.

СӘТБАЕВ ҚАЛАЛЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабына сәйкес, Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау 2025 жылғы 26 қазанда өтеді.

№ 6 және № 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округтерінің депутаттары тиісті әкімшілік аумақтық бірліктен тыс тұрақты тұруға шығуына байланысты 2025 жылы мерзімінен бұрын депутаттық өкілеттіктерін тоқтатты.

№ 6 бірмандаттық сайлау округінің құрамына келесі сайлау учаскелері кіреді:

№ 48 (орталығы - Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы) ;

№ 49 (орталығы - № 25 жалпы білім беретін мектеп).

№ 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округін келесі сайлау учаскелері құрайды:

- № 56 (орталығы – № 16 жалпы білім беретін мектеп)

- № 59 (орталығы – Қ. Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп).

Сәтбаев қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 27 тамыздағы № 6 қаулысына сәйкес сайлау науқаны ағымдағы жылдың 27 тамызында басталды.

Сайлаудың алғашқы екі кезеңі аяқталды: 25 қыркүйекте кандидаттарды ұсыну және 30 қыркүйекте кандидаттарды тіркеу.

Барлығы 8 кандидат ұсынылды, оның 2-і саяси партиялар және 6-і өзін-өзі ұсынған.

Ұсынылған кандидаттардың 7-і ер, 1-і әйел адам.

Кандидаттардың 3-і саяси партиялардың мүшесі болса, 2-уі партия қатарында жоқ, 3-і саяси партияларға қатыстылығы туралы ақпарат көрсетпеген.

Кандидаттардың орташа жасы 41 жасты құрады.

Кандидаттардың 5-і жоғары білімді, 2-уінің орта арнаулы білімі бар, 1-еуі орта білімді.

Кандидаттардың 1-еуі бюджеттік сала қызметкері, 4-еуі өндіріс саласының қызметкері, 1-еуі өзін-өзі жұмыспен қамтыған, 1 зейнеткер, 1-еуі басқа жұмыспен қамту топтарына жатады.

Тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін №12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша 1 кандидат өз еркімен кандидатурасын алып тастады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциясының 104-бабының 1-1-тармағына сәйкес сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжаты болмағандықтан 1 кандидат тіркелмеді.

Нәтижесінде депутаттыққа алты кандидат тіркелді:

- № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша 3 кандидат;

- № 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша 3 кандидат.

Құрметті оқырмандар, Сәтбаев қаласының аумақтық сайлау комиссиясының кандидаттарды тіркеуге

қатысты ресми хабарламасын газеттің осы санынан оқи аласыздар.

Қазіргі уақытта кандидаттар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлауалды үгіт жұмыстарын бастап, үгіт материалдарын таратуда және сайлаушылармен кездесуде.

Үгіт жұмысы 25 қазан күні сағат 00:00-де аяқталады.

Округтік сайлау комиссиялары сайлау заңнамасының сақталуын бақылауды және сенім білдірілген адамдарды тіркеуді жалғастыруда.

10 қазаннан бастап учаскелік сайлау комиссиялары енгізілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру үшін сайлаушыларға танысу үшін тізімдерді беретін болады. Әрбір сайлаушы өз деректерін тексеруге құқылы. Сайлаушылар тізімдеріне түзетулер енгізу немесе енгізу туралы өтініштер учаскелік сайлау комиссиялары қабылданған күні қаралады.

Осы сайлау кезінде дауыс беру құқығын беретіне есептен шығару куәлігі болмайды. Сайлау қалалық сайлау округтерінде өтіп жатқандықтан, Сәтбаевтан тыс жерлерде сайлаушылар дауыс бере алмайды.

Дауыс беретін күні денсаулығына немесе науқас адамның күтіміне байланысты тізімге енгізілген сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан азаматтары сайлау учаскесінен тыс жерде дауыс бере алады. Ол үшін учаскелік сайлау комиссиясына сол күні жергілікті уақыт бойынша 12:00-ден кешіктірмей жазбаша өтініш беру қажет.

Сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге бір аумақтық, екі округтік, төрт учаскелік сайлау комиссияларында қатысады. Сайлауға қатысатын комиссиялар 45 мүшеден тұрады. Олар оқумен қамтылып, тиісті сертификат тапсырылды.

Комиссиялардың құрамы, олардың орналасқан жері, сайлау округтерінің шекаралары Сәтбаев қаласы әкімдігінің интернет-ресурсының «Сайлау» бөлімінде «Сәтбаев қаласы мәслихатының шығып қалған депутаттарын сайлау - 2025» бөлімшесінде жарияланған.

Сәтбаев қалалық аумақтық сайлау комиссиясы бірмандаттық № 6 және бірмандаттық № 12 аумақтық сайлау округтерінің сайлаушыларын алдағы сайлауға белсенді түрде қатысуға шақырады.

Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру 2025 жылғы 26 қазанда сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін өтеді.

Г.ЕСМУРЗАЕВА,

Сәтбаев қаласының аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы.

Ұлытау облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттарының орнына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы АҚПАРАТ

(26.10.2025 ж.сайлау)

2025 ж.30 қыркүйектегі жағдай бойынша

2025 жылғы 30 қыркүйек бойынша округтік сайлау комиссиясы 3 кандидатты тіркеді.

Тіркелген кандидаттардың 3-еуі ер адам, оның 1-еуі саяси партиядан ұсынылған, 2-еуі өзін-өзі ұсыну тәртібімен.

2 кандидат саяси партияның мүшелері, 1-уі саяси партияларға қатыстылығы туралы ақпарат көрсетпеген.

Кандидаттардың орташа жасы 40 жасты құрайды.

1 кандидат- жоғары білімді, 2-уі арнайы орта білімді.

1 кандидат -өндірістік кәсіпорынында, 1-еуі -коммерциялық ұйымда, 1-еуі басқа жұмыспен қамту топтарына жатады.

Тіркеу аяқталған сәттен бастап кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті 25 қазан күнгі сағат 00:00-ге дейін жалғасады.

Информация об итогах регистрации кандидатов в депутаты маслихата города Сатпаев области Ұлытау по одномандатному территориальному избирательному округу № 6 вместо выбывшего

(выборы 26.10.2025 года)

по состоянию на 18.00 часов 30 сентября 2025 года

По состоянию на 30 сентября 2025 года окружной избирательной комиссией зарегистрированы 3 кандидата.

В числе зарегистрированных кандидатов – 3 мужчин, 1 - из них был выдвинут политической партией, 2 – в порядке самовыдвижения.

Членами политических партий является – 2 кандидата, не указано по партийной принадлежности - 1.

Средний возраст – 40 лет.

1 кандидат имеет высшее образование, 2 – средне-специальное.

1 кандидат – работник производства, 1 – работник коммерческой структуры, 1 – другое.

С момента окончания регистрации кандидаты приступят к предвыборной агитации до 00.00 часов 25 октября 2025 г.

Ұлытау облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының № 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттарының орнына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы АҚПАРАТ

(26.10.2025 ж.сайлау)

2025 ж.30 қыркүйектегі жағдай бойынша

2025 жылғы 30 қыркүйек бойынша округтік сайлау комиссиясы 3 кандидатты тіркеді.

Тіркелген кандидаттардың 3-еуі ер адам, оның 1-еуі саяси партиядан ұсынылған, 2-еуі өзін-өзі ұсыну тәртібімен.

1 кандидат саяси партияның мүшесі, 1 кандидат партия қатарында жоқ, 1-еуі саяси партияларға қатыстылығы туралы ақпарат көрсетпеген.

Кандидаттардың орташа жасы 39 жасты құрайды.

2 кандидат- жоғары білімді, 1-еуі орта білімді.

2 кандидат -өндірістік кәсіпорындарында, 1-еуі өзін-өзі жұмыспен қамтушы.

Тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін 1 кандидат өз өтінішімен кандидатурасын алып тастады, 1 кандидат сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжатының болмауы себепті кандидат ретінде тіркелмеді.

Тіркеу аяқталған сәттен бастап кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті 25 қазан күнгі сағат 00:00-ге дейін жалғасады.

Информация об итогах регистрации кандидатов в депутаты маслихата города Сатпаев области Ұлытау по одномандатному территориальному избирательному округу № 12 вместо выбывшего

(выборы 26.10.2025 года)

по состоянию на 18.00 часов 30 сентября 2025 года

По состоянию на 30 сентября 2025 года окружной избирательной комиссией зарегистрированы 3 кандидата.

В числе зарегистрированных кандидатов – 3 мужчин, 1 - из них был выдвинут политической партией, 2 – в порядке самовыдвижения.

Членами политических партий является – 1 кандидат, не указано по партийной принадлежности - 2.

Средний возраст – 39 лет.

2 кандидата имеют высшее образование, 1 – среднее.

2 кандидата – работники производства, 1 – самозанятый.

До окончания срока регистрации 1 кандидат по избирательному округу № 12 снял свою кандидатуру по собственному желанию, 1 кандидат не зарегистрирован в связи с отсутствием документа,подтверждающего внесение избирательного взноса.

С момента окончания регистрации кандидаты приступят к предвыборной агитации до 00.00 часов 25 октября 2025 г.



ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕК

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ӨМІР ЖОЛЫНДАҒЫ БІР ТАРИХИ СӘТКЕ, НАҚТЫРАҚ АЙТСАҚ, 1896 ЖЫЛДЫҢ 5 ҚЫРКҮЙЕГІНЕ ҮҢІЛМЕКПІН. БҰЛ ТАЛАЙ ҒАЛЫМНЫҢ НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛҒАН, БІРАҚ АБАЙДЫҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫН ТЕРЕҢІРЕК ТАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖАҢА ТАРИХИ ДЕРЕК.


XIX ғасырдың орта шенінен бастап қазақ сахарасын толық бағындырғаны аздай, енді империя қазақтың санасына ауыз салды. Бұл отарлық саясаттың ең сұмдық кезеңі еді. Жерді тартып алу – тәнді тұсаса, сананы жаулау – рухты тұншықтырады. Шоқындыру саясаты 1860 жылдардан кейін тіпті қарқынды жүрді. Бұл жерде Н.И.Ильминскийдің де «зор үлесін» атап кету керек. Оның хрис-тиандық-миссионерлік қызметке қатысты көзқарасы мен «түземдіктер» арасында жүргізілген үгіт-насихат әдістемесі патша билігінің идеология негізіне айналды. Ол ұсынған кең көлемді миссионерлік практика бағдарламасы империя саясатымен тығыз байланыста жүзеге асып, қазақ халқын христиандандыру үдерісінде тиімді құрал ретінде қолданылды. Бұл ретте православиеге үгіттейтін миссионерлік қызмет пен патшалықтың орыстандыру бағыты өзара ажырамас бірлікте болғанын атап өткен жөн.

Қазақ оқырманы үшін шығарылған миссионерлік басылымның жалпы саны жүзге жуық, оның ішінде қайта басылғаны да бар. Бұл «шабуылдар» әсіресе шекаралас аймақта қатты сезіліп жатты. Аласапыран заман Абайдың уақытына дәл келген.

Хакім Абайдың ұстанған көзқарасы өлеңдері мен қара сөзінде толық келтіріледі. Профессор Тұрсын Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... Сүйесің» атты еңбегінде барынша талданған. Сондықтан бұл мәселеге тоқталудың қажеті жоқ. Ал өмірде, ел арасында, оның ішінде Көкбайдың естелігі негізінде Сергей деген миссионермен кездесіп, сөзден жеңгені туралы әңгіме көп тараған. Ол туралы жазба жеткілікті болған соң тоқталмаймыз. Қара сөздерін айтып отырған себебім, Абайдың діни ойлары сол еңбегінде толық жазылған, ал архимандрит Сергей хакіммен кездесіп, сөз таластырған.

Қазақ халқын христиан дініне өткізуге бағытталған миссионерлік әрекеттер туралы деректерді зерделей отырып, назар аударарлық тарихи құжатқа тап болдым. Бұл дерек бұрын-соңды абайтану-шылардың назарынан тыс қалып келсе керек. Сондықтан мақалада Абай туралы жазылған деректі қазақ тіліне аударып, түпнұсқада беріп отырымыз.

1897 жылы жарық көрген «Православный Благовестник» журналының №8-9 сандарында орыс миссионері, дін қызметкері Леонид Покровскийдің «1896 жылғы қырғыз миссионерінің жазбалары» («Записки киргизского миссионера священника Леонида Покровского за 1896 год») атты естелігі жарияланған. Аталған журнал Мәскеуде 1893 жылдан бастап православ миссионерлік қоғамының бастамасымен айына екі рет басылып отырған.



Покровскийдің жазбаларында Семей өңіріндегі молдалармен кездесулері сипатталады. Оған қоса Л.Покровский Ибрахим Колымбаев деген қазақпен кездескені туралы егжей-тегжейлі жазды. Әрине, «Колымбаев» деп жазғаны күмән тудыруы мүмкін. Бірақ орыстар қазақтардың аты-жөнін бұрмалағанда түпнұсқасын таппай қалатын жағдай көп болғанын бәріміз білеміз, сондықтан «Колымбаев» дегені «Қуланбаевтың» бұрмаланған нұсқасы болса керек. Осы дерекке сүйене отырып, Абай Құнанбайұлының ислам дінінің қорғаушысы ретінде айрықша рөл атқарғанын байқаймыз. Ол тек молдалар үшін ғана емес, миссионерлермен пікірталаста да беделді тұлға ретінде көрінеді. Абайдың діни білімінің тереңдігін, рухани ұстанымының беріктігін және

исламды қорғаудағы ұстанымын миссионерлер де мойындаған.

Леонид Покровский өзінің естелігін былай бастайды: «Қырғыз миссиясында, Алтай миссиясының үлгісімен, жыл сайын қаңтар айында барлық миссионерлердің съезі өткізіледі. Биыл бұл жиынға жеті миссионер қатысты. Олардың көпшілігі үшін, мен үшін де, бұл алғашқы съезд болды. Миссия басшысы архимандрит Сергей тұратын Шүлбі атты шағын казак ауылында біз бір апта бойы күн сайын таңертең және кешке архимандриттің үйінде жиналып отырдық.

Жиындарымыз миссионерлік жазбаларды оқып, қырғыздар арасында христиан дінін неғұрлым тиімді таратуға көмектесетін түрлі шараларды талқылаудан тұрды. Съезд барысында

мен қызмет ететін орта жағдайларымен жақсы танысып, алдағы қызметімде кездесуі мүмкін қиындықтарға іштей дайындала бастадым.

Съезден оралған соң, мен қырғыз тілін үйренумен айналыстым және Құдай сөзін жеткізуге дайындалдым. Кейде маған келген қырғыздармен сұқбат жүргіздім. Сирек болса да, жақын маңдағы ауылдарға шығып, сол жерде де уағыз айттым», дейді. Миссионер өз жұмысын адал атқару мақсатында жер-жерді аралай бастайды. Сөйтіп, Аққұм, Бесқарағай, Айғыржал, Кеңтүбек, Жетітау (Семитавская), Шаған, Бұғылы, Шыңғыс болыстарын аралайды. Жолда уағзын айтып, қазақтарды христиан дініне шақырумен қатар, осы дінді қабылдаған қазақтарың жай-жапсарын біліп, молдалармен діни диспутқа түсіп отырады. Естелікте: «Бесқарағай және Аққұм болыстарын аралап жүргенімде, ауылдарда миссионерді көбіне салқын қарсы алатынын байқадым. Олар оны тезірек келесі ауылға жөнелтуге тырысады. Ал Бесқарағай болысынан тікелей қорлау естуге тура келді. Ол мені өз ауылына кіргізгісі келмеді. Маған «сенің еш қатысың жоқ, маған келудің қажеті жоқ» деп, тіпті менің атқосшымы түнде түрмеге қамағысы келді.

Өрең дегенде байғұс атқосшыны қорғап қалдым, амалсыз келесі ауылға аттануға тура келді. Мені барлық жерде салқын, тіпті жауласқандай кейіпте қарсы алды, сондықтан әңгімеміз де солғын әрі қызықсыз болды. Бұған қоса, осы екі болыстағы ауылдың көбінде татар молдасы бар. Бұл молдалар миссионер келгенде қалай әрекет ету керектігі жөнінде Семейден арнайы нұсқау алғандай әсер қалдырады. Молда әдетте миссионер отырған жерден барлық қазақты таратып жібереді, тек өзі сенетін екі-үш адам ғана қалады. Содан кейін ол өте сыпайы сөйлесуді бастайды, бірақ әңгіме дін тақырыбына ауысқан сәтте, мазасызданып, ондай әңгімені тоқтатуға немесе басқа тақырыпқа бұруға тырысады», деп жазыпты. Молдалармен сұқбат құрып, оларды сұрақтармен барынша жеңуді мақсат еткен миссионердің алғашқы Абай туралы ауыл молдасынан естігені жайында былай сипатталады: «Басқа бір ауылда молда менімен дін туралы сөйлескісі келмей, маған былай деді: «Сен біз сияқты сауаты төмен молдалармен оңай сөйлесесің, ал егер Семейдегі білімді молдалармен сөйлессең, исламның ақиқаттығына өзің де көз жеткізер едің». Өз сөзінің дәлелі ретінде ол миссионер әкей Иоанн Никольскийдің де бұрын оларға уағыз айтуға келгенін, бірақ Семейде молда Ибрагим Колымбаевпен сөйлескеннен кейін, ұялып, мүлде ел аралауға шықпай кеткенін айтты», дейді.

Саят БАЙМҰРАТҰЛЫ,
Астана халықаралық
университеті Өнер және
гуманитарлық ғылымдар жоғары
мектебінің деканы.

Egemen Qazaqstan,
04 Қыркүйек, 2025 жыл.
(Жалғасы бар)

ЛУДОМАНИЯ – ҒАСЫР ДЕРТІ

Заңды білген де білмеген де заң алдында жауапты. Күн сайын емес сәт сайын өзгеріп жатқан мына жаһандану заманында адамдардың құқықтық сауатты болуы әр жеке тұлға үшін тыныш, берекелі өмірінің кепілі болмақ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық Құрылтайдың Түркістандағы екінші отырысында сөйлеген сөзінде жалпыадамзаттық және жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызын айта келе тәрбие ісіне ерекше назар аударды. "Ұлттың жаңа келбеті қалыптасып жатыр. Олар: Тәуелсіздік және Отаншылдық. Бірлік және Ынтымақ. Әділдік және Жауапкершілік. Заң және Тәртіп. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Жасампаздық және Жаңашылдық" деген болатын. Қазіргі қоғамның мәселелерінің бірі ретінде алаңдатып отырған жағдай - лудомания.

Лудомания - ойынға деген қызығушылық немесе ойынға деген тәуелділік, патологиялық бейімділік ойындар және құмар ойындар. Бұл әрекеттер тек ойнаушыға үстемдік етіп қоймай, тек өзіне ғана емес, қоршаған, араласқан ортасына, отбасына үлкен қиындықтар әкеліп, әлеуметтік, кәсіби материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкеліп соғатын қасірет. Лудоманияның әсерінен басқа азаматтардың құқықтары мен мүдделері де жанама түрде бұзылады, бұл Үкіметтің араласуын қажет етеді. Осыған байланысты Заңнамалық тұрғыдан лудоманияның алдын алу шешімі туындайды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі-Заң) "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңға өзгерістер енгізілді. Осы Заңның 12-бабы 6) тармақшамен толықтырылды, онда мемлекеттік қызметшілер үшін "ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйғарымға жататын құмар ойындарға немесе ойын мекемелеріндегі бәс тігуге, сол сияқты бұл үшін бөлінбеген орындардағы құмар ойындарға немесе бәс тігуге немесе құмар ойындарға немесе бәс тігуге

шектеулер көзделеді, телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желілерін пайдалану арқылы өткізіледі.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдарды қабылдамау, сол сияқты оларды сақтамау жұмыстан шығаруға (атқаратын қызметінен босатуға, өкілеттігін тоқтатуға) негіз болып табылады.

Жалпы, Заң азаматтардың ойын бизнесіне қатысуын шектеуге бағытталған. 21 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы оны алты айдан 10 жылға дейінгі мерзімге құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға шектелген адамдардың тізіміне енгізу туралы өтініш бере алады. Болашақта шектеу мерзімін ұзартуға болады.

Сондай-ақ, құмар ойындарға немесе бәс тігуге қатысқаны, сондай-ақ жиырма жасқа толмаған және құмар ойындарға қатысуы шектелген адамдарды құмар ойындарға немесе бәс тігуге тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Осы құқық бұзушылықтарды жасау жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуға әкеп соғады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сондай-ақ жиырма жасқа толмаған адамдарды немесе құмар ойындарға немесе бәс тігуге қатысуға шектелген адамдарды құмар ойындарға қатысуға жіберген кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігі көзделген.

Халықты, әсіресе жастарды құмар ойындарға тарту - деструктивті әлеуметтік эпидемияға, яғни таралу ауқымы мен қарқынына, олар әкелетін жағымсыз нәтижелерге адамға, қоғамға, қолданыстағы әлеуметтік тәртіпке тікелей қауіп тудыратын дағдарыстық құбылыстарға әкеледі.

Қорыта келгенде лудомания - ғасыр дерті. Дертпен күресте қоғам бірлесіп, сауатты ақпараттандыру жұмыстарын барынша қарқынды жүргізіп, бірлескенде ғана оң шешімнің жүзеге асырылуы нәтижеге жеткізеді.

Сымбат СӘЛІМ,

Жезқазған қалалық сотының сот әкімшісінің басшысы.

ӘДЕП КОДЕКСІН САҚТАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Дана халқымызда «Әдепті адам – арлы адам» деген нақыл бар. Жалпы адам баласы өзінің білімі, өнегелі ісі және сыпайы сөзімен әдептіліктің үлгісін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін арқалаған, қоғам дамуы мен әділдікті қамтамасыз ететін жауапты сала. Әсіресе сот жүйесінде қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілер үшін Әдеп кодексі сақтау үлкен мәнге ие. Себебі сот жүйесі – әділдіктің айнасы, құқық үстемдігінің кепілі.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін, қызметтік әдебін айқындайтын басты құжат болып табылады. Онда адалдық, әділдік, бейтараптық, сыпайылық, азаматтарға құрмет көрсету секілді негізгі қағидалар нақты белгіленген. Бұл талаптарды орындау әрбір мемлекеттік қызметшінің күнделікті міндеті саналады.

Сот жүйесінде әдеп нормаларының сақталуы қоғамның сотқа деген сенімін арттырады. Судьялар мен сот қызметкерлерінің әдебі – халық алдындағы әділдіктің бейнесі.

Мемлекеттік қызметші заңды ғана емес, сонымен қатар моральдық жауапкершілікті де сезінуі тиіс.

Әдеп кодексі бұзу – мемлекеттік қызметшінің абыройына нұқсан келтіреді, сондай-ақ, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін азайтады. Сондықтан әрбір қызметкер өз іс-әрекетінде шынайылықты, жауапкершілікті және кәсібилікті басшылыққа алуы қажет.

Қорытындылай келгенде, сот жүйесінде Әдеп кодексі сақтау – жай ғана талап емес, ол мемлекеттік қызметшінің абыройы мен қоғам алдындағы парызы. Әдепті қызметкер – әділетті мемлекет құруға үлес қосатын тұлға.

Алмаз БАЗЫЛБЕКОВ,
Ұлытау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының аға сот приставы.

► МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫ

КІТАПХАНА – ТІЛ МЕН РУХАНИЯТТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Ұлттың ең қымбат қазынасы – тілі. Тіл – халықтың өткені мен бүгініне ғана емес, болашағына да жол ашатын алтын көпір. Қазақ тілі – ата-бабамыздан бізге жеткен аманат, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қасиетті мұра. Мемлекеттік тілдің мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі. Тілімізді құрметтеу арқылы біз елдігімізді, тәуелсіздігімізді нығайтамыз. Қазақ тілінде ойлау – ұлттық болмысты сақтау, қазақ тілінде сөйлеу – елге деген сүйіспеншілікті білдіру.

Кітапхана – тіл мен руханияттың шамшырағы. Мұнда тек кітап ғана емес, ұлттық рух та сақталады. Әрбір оқырман кітап парақтап отырып, тілдің құдіретін сезінеді, ұлттың тарихы мен мәдениетін таниды.

Бізде №8 Қорғанбай ауылдық кітапхана-филиалында тіл тағдыры әрқашан назарда. Кітапханамыздағы әдебиеттердің басым көпшілігі – мемлекеттік тілде. Бұл – оқырмандарымызға өз ана тілінде білімін тереңдетіп, рухани қазынасын молайтуға зор мүмкіндік береді. Біз өткізетін әрбір іс-шара – мемлекеттік тілде. Әдеби көштер, танымдық кездесулер, мәдени-рухани басқосулардың барлығы да қазақ тілінің әуезді үнін кеңінен насихаттап келеді. Біз ұйымдастыратын әрбір шара тек кітап оқуға баулып қана қоймай, мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін ұғындыруға бағытталады. Бұл – ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтіп, жастардың жүрегінде тілге деген құрметті қалыптастырудың бір жолы.

Кітапханаға келген әрбір оқырман қазақ тілінде жарық көрген әдебиеттерді оқи отырып, тіл байлығын молайтады, ұлттық руханиятпен сусындайды. Біз үшін ең қымбат жетістік – оқырманның ана тілін мақтан тұтып, өмірінде қолдануы.

Қортындылай келе, кітапхана – тек білім ордасы емес, тіл мен руханияттың алтын бесігі. Біз кітап оқу арқылы жас ұрпақтың ой-өрісін дамытып қана қоймай, оларды ана тілін қадірлеуге, ұлттық мәдениетті дәріптеуге баулимыз. Қазақ тілін құрметтеу – елді құрметтеу. Мемлекеттік тілді дәріптеу – болашаққа жасалған ең үлкен инвестиция.

А.МЫҢЖАСАРОВА,
«Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ №8 Қорғанбай ауылдық кітапхана-филиалының кітапханашысы.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru



ОВЕН. Гороскоп для Вас на неделю указывает на активный ритм: переговоры, новые задачи и важные решения. На работе смело предлагайте идеи — они найдут отклик. В личной жизни не торопитесь с выводами, особенно в середине периода. Ближе к выходным появится возможность дополнительного заработка.



ТЕЛЕЦ. Для Вас эта неделя обещает стабильность. Это хорошее время для заботы о доме и укрепления отношений. В карьере вы сможете добиться уважения и поддержки коллег. К концу недели возможен неожиданный бонус или приятная новость о финансах.



БЛИЗНЕЦЫ. Вас ждет насыщенный недельный гороскоп: поездки, встречи и новые впечатления. На работе появятся свежие идеи, которые стоит развить в проекты. В отношениях важно говорить открыто — это укрепит доверие. В выходные уделите время друзьям, это принесет радость.



РАК. Для Раков прогноз на неделю говорит о сосредоточенности на семье. Удачный момент для решения бытовых вопросов и заботы о близких. В карьере потребуется внимание и дисциплина. В любви неделя благоприятна для укрепления эмоциональной близости.



ЛЕВ. Львам гороскоп на неделю 6–12 октября 2025 обещает признание и новые возможности. В делах вы проявите лидерство и получите предложение о сотрудничестве. В личной жизни вероятно романтические моменты. Конец недели подходит для дружеских встреч.




ДЕВА. Для Дев астрологический прогноз на неделю благоприятен: можно решать финансовые и организационные вопросы. Отношения будут гармоничными, вы получите поддержку от близких. В выходные возможно знакомство, которое откроет новые перспективы.




ВЕСЫ. Весам неделя принесет внутреннее равновесие. Прогноз показывает, что это хорошее время для переговоров, творчества и саморазвития. В выходные займитесь тем, что приносит удовольствие, — это поможет восстановить силы.




СКОРПИОН. Скорпионам гороскоп на неделю сулит прилив энергии. В карьере появится шанс улучшить материальное положение. В личных отношениях проявляйте внимание к деталям, именно они помогут сохранить доверие. Ближе к субботе возможен приятный подарок или сюрприз.



СТРЕЛЕЦ. Для Стрельцов недельный гороскоп связан с активным общением. Возможны новые знакомства и предложения. В карьере появится шанс выйти на новый уровень. В отношениях важно проявить внимание к партнеру. Конец недели порадует позитивными событиями.



КОЗЕРОГ. Козерогам астрологический прогноз рекомендует сосредоточиться на работе и настойчиво идти к целям. В отношениях будьте мягче, чтобы избежать конфликтов. Уделите внимание родным — это поможет укрепить доверие в семье.



ВОДОЛЕЙ. Гороскоп для Водолеев с 6 по 12 октября говорит о переменах. Вас ждут неожиданные новости, которые приведут к новым возможностям. В личной жизни неделя будет насыщенной событиями и эмоциями. Выходные подойдут для отдыха на свежем воздухе.



РЫБЫ. Рыбам гороскоп на неделю 6–12 октября обещает вдохновение и творческие успехи. В делах стоит доверять интуиции — она подскажет верное решение. В личной сфере гармония зависит от вашей открытости. В конце недели вы почувствуете спокойствие и умиротворение.

СКАНВОРД

Блестящая нить		Чего нет у палки о двух концах?		Шум турбины	Венера, но не планета		Горшечное вариво	Первый обман для ребенка	
					Позволяет видеть сквозь стену				
Гора возле «Артека»		Первая половина острова из песни						Франц. певица, невеста Чайковского	
					Вкалывающий осел				
Искусный мастер изобретателя отвеса		Коронованная стулка		Пульт метронома	Первая столица Японии				
							Газ, чтобы микробов убивать		Чиновник раньше
Наука с колесом	Страна с тропой инков		Российский курорт с темными ночами	Пиратская вешалка	Шахматный шаг				
Пацан повышенной неусидчивости								Столица Боснии и Герцеговины	
					Имя Великого комбинатора на скале				
Урезанный авто-ритет		Буксирный шнур		Турецкие голубцы с виноградными листьями					
					Снадобье из пипетки	Там производят Мартини	Песнь дятла		Наполнитель ванн
Велосипед самых юных гонщиков	Карточный сет		... Доброй Надежды		Башкирский очаг				
Дырокол в автобусе									
					Республика вокруг Кизила				
Отправка вдогонку		Материал герметика							

Анекдоты, анекдоты...



Заседание в загробном мире
Сидят души на совещании, решают, кто отправится на Землю.

Один говорит: «Я пойду в политику, создам партию «Надежда на вечное счастье», а потом всех обману и уйду с концами!»

Другой: «Я займусь экономикой, запущу пирамиду, а на верхушке напишу: «Деньги есть, но их нет!»

Третий задумчиво: «А я пойду в священники... буду говорить, что жить надо ради жизни, и что после жизни есть еще жизнь!»

Два человека в раю спорят:
— Я, наверное, жил лучше! У меня всегда всё было, дом, машина, дача...

— Нет, я жил лучше! У меня было всё то же самое, но ещё и жена — красавица!

— Да вы что! Моя была страшная как

чучело!

— А я живу лучше! В раю можно жениться на ком угодно!

Отец перед смертью говорит сыну:

— Сын, запомни, что я тебе скажу. Самая ценная вещь в жизни — это не деньги и не слава, а ...

Сын: «А что, папа?»

Отец: «А что? Я же сам ещё не решил, что самое ценное!»

Умиравший просит: «Доктор, я умру?»

«Нет, я помогу вам, — отвечает аптекарь, — но сначала я должен узнать, кто вам сказал, что вы умрёте?»

«Умиравший рядом на соседней койке».

«А-а, так вы не волнуйтесь! Этот ещё тот фантазёр!»

► МЕРЕЙ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

**Өмір шырағын
жүрек жылуы жанды-
рады. Жұрт жүрегіне
өнегесімен, еңбегімен
жол тауып, ұлттық
құндылықтардың
ұйытқысына айналған
Гүлсара Қоңырбайқызы
мерейлі 70 жасқа қадам
басты.**

Ол 1955 жылдың қоңыр күзінде Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Қамыстыбас ауылында дүниеге келді. Құмды даланың қоңыр әуені мен толассыз тіршілігі жастайынан жүрегіне өмірге деген құштарлықты ұялатты. 1972 жылы орта мектепті бітірісімен Қызылорда педагогикалық институтына оқуға түсіп, физика-математика пәні бойынша жоғары білімді маман атанды. Институт табалдырығын аттағанда - ақ өмірінің басқа арнаға бұрылатындығын сезген еді.

1976 жылы алғашқы еңбек жолын Арал қаласындағы №177, №83 орта мектептерінде ұстаздық етуден бастады. Қоғамдық жұмыстардан да сырт қалмады. Шәкірттерінің жүрегіне білім мен қоса ізгілік дәнін септі. Жастардың отты ойын, арманын көріп, болашаққа үміт артты. Кейін аудандық комсомол комитетіне ауысқанда ауыл-аймақтың тіршілігі мен қоғамдағы күрделі өзгерістердің қақ ортасында жүріп, ұйымдастырушылық қабілетімен танылды.

1985 жылдан бастап партия, қалалық кеңес, әкімшілік саласында түрлі жауапты қызмет атқарды. Арал ауданындағы асыл тұқымды қой совхозында партия комитетінің хатшысы, кейіннен Арал қаласы әкімінің орынбасары қызметінде абырой биігінен көрінді.

Аралдың ару қызының өміріне 1997 жыл ерекше өзгеріс алып келді. Ол Сәтбаев қаласына қоныс аударып, Сыр сүлейлерінің сарқытын ішіп, Арқа ақтаңкерлерінің жолын қуған, есімі бүкіл республикаға танымал ақын, жыршы-термеші, өнердің ерен жүйрігі – Шынболат Ділдебаевпен шаңырақ көтерді. Қос жүрек тоғысып, өнер мен өмірдің ұлы торабында тағдырлас болды. Алайда қуаныш ұзаққа созылмады. Өкінішке орай, Шынкең небәрі 61 жасында, 1998 жылы дүниеден өтті. Өмір жолы жаңа арнаға бұрылды.



Гүлсара Қоңырбайқызы өзіне серік болған ақынның рухани мұрасын дәріптеуді қасиетті парыз санады.

Осылайша Ш.Ділдебаевты мәңгі есте қалдыру жолындағы шаруаларды мықтап қолға алды. «Шынболат шайырдың шырақшысы» атанды. Ақын жырларын жинақтап, кітап етіп шығарды, жыршылық, термешілік мектептің өркен жаюына жол ашты. Айтыс өнерін дамытуға, халық жадындағы асыл мұраны жаңғыртуға бар күшін салды. Түрлі жыр додаларын, рухани кездесулер, еске алу кештерін ұдайы өткізіп, Шынболат шығармашылығын жаңғыртуға өлшеусіз еңбек сіңірді.

1999 жылдан бастап Шынболат Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы директорының орынбасары, кейін ақын атындағы мұражайдың директоры, соңғы жылдары көрме залының меңгерушісі ретінде қызмет етіп, тұтас бір өңірдің мәдениетін, руханият өрісін кеңейте түсті. Мәдени мұраны дәріптеу, ұлттық өнерді на-

сихаттау, жас таланттарды қолдау бағытында тынбай тер төкті.

Еңбегі лайықты бағаланды. Қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттар, халықаралық сыйлықтар, Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталары, дипломдар соның айғағы. Әсіресе, тарихи-мәдени мұраны насихаттаудағы табандылығы, өнерге деген шынайы жанашырлығы ел құрметіне бөледі. «Мәдениет және өнер саласын үздік насихаттаушы», «Тарихи-мәдени мұраны үздік насихаттаушы», «Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері», «Мәдениет саласының үздігі», Ұлытау облысы әкімі сыйлығының лауреаты атанды.

Гүлсара Қоңырбайқызы отбасына береке, айналасына мейірім, еліне абырой сыйлаған ардақты жан.

Адал еңбек, өнегелі ғұмыр, өмір мен өнерге деген шексіз сүйіспеншілік апайдың бар болмысынан көрініс тапқан. Сонысымен де ол ерекше.

Мейрамгүл САЯЖАН

ГҮЛСАРА (әні бар)

Жаралған түпсіз терең
ой-арманнан,
Сәбидей махаббаты оянбаған.
Аралап Арал маңын жүргенімде,
Армандай бір қыз көрдім
бойнбаған.
Қайырмасы:
Арайланған ақ таңым,
Шаттық жырым, мақтаным.
Көрген адам марқайған,
Атырау мен Алтайдан,
Өзіңдей жан таппадым.

Ескендей лебізінен таң самалы,
Қадірлеп қайда барса қарсы алады.
Қарттары «Гүлсара» деп
тамсанады,
Жастары «Гүлсара»деп ән салады.

Қайырмасы.
Ағарып айым туып, атты күнім,
Ғашықтың татқан білер тәтті мұңын.
Бітпейтін Шаһризада қиялындай,
Бұл күнде болдың менің
мың бір түнім.
Қайырмасы.
Өзекті өзге сұлу арбамады,
«Арал» деп ақын жүрек толғанады.
Қалқаның құлағына жетсе екен деп,
Сағының Сарыарқадан салған әнім.

КӨЗІНЕ ГҮЛСАРАНЫҢ

Көзіне Гүлсараның,
Көз алмай ұзақ қарадым.
Аққуынан айырылған,
Арманым бір еді, Аралым.

Алдымнан шықты аңсаған,
Ай нұрлы ару маралым.
Жәйімді жайып салып ем,
Жанымды ұқтың, жарадың.

Аралға қарай алқынды
Өнбойымдағы бар ағын.
Тағатым түгел сарқылды,
Таба алмай емін жараның.

Сағыныштан сарқылып,
Айналып шөлге барамын.
Құм басып қалған, су кетіп,
Кемедей болдым, қарағым.

Қызықпай жүрген қызылға,
Қыраны едім даланың,
Торына түсіп шырмалдым,
Гүлсара менен Аралдың.

Шынболат ДІЛДЕБАЕВ

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық,
ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация
Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021
жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1680

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС
баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды.
Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев
қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.
Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына
оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция
ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.